

ГТАХР 17.07.31

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp193-204](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp193-204)

**Р.Б. Сұлтанғалиева<sup>1</sup>, Н.Ж. Сагмалиева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, 090000, Қазақстан Республикасы

## **ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫ ЖӘНЕ Ж.ШАМҰРАТОВАНЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ДЕТЕКТИВТІК ДИСКУРС**

*Бұл мақалада детектив шығармалардың өзіне тән жанрлық ерекшеліктері мен әлем әдебиетіндегі орны зерделеніп, қазіргі қазақ әдебиетінде детектив жанрында қалам тартып жүрген қаламгер Жадыра Шамұратованың әңгімелеріне талдау жасалады. Детектив – әлемдегі көп оқырманның жүрегін жсаулап алған әдебиеттегі ең қызықты және танымал жанрлардың бірі. Бұл жанр – қиял мен жұмбақ, интригалар мен дәлелдерді жасау өнері. Детективтік шығармалардың басы-қасында әдетте жұмбақ оқиғаларды, қылмыстарды тергеу орын алады. «Бұл әрекетті кім жасады, не үшін жасады?» деген сұраққа жауап іздеу арқылы шындыққа жетеді, ал оқырман басты кейіпкерлермен бірге жалған дәлелдер мен түсініксіз мотивтердің әлеміне енеді. Басты кейіпкер сезімге ерік беруші емес, түйсігі, логикасы, аналитикалық ойлауы ерекше дамыған тұлға ретінде бейнеленеді. Мақалада детективтік дискурс – бұл автор мен оқырман арасындағы көркемдік өзара әрекеттесуге, тұлғаға бағытталған қарым-қатынастың бір түрі екендігі баса айтылған. Бұл өзара әрекеттесудің мақсаттары психологиялық тұрғыдан бастап оқырманның эстетикалық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға дейін жүзеге асады. Жақсылық пен жамандық сияқты адамгершіліктің негізгі категорияларына жүгіну, сондай-ақ қылмыс құпиясының қызықты ашылуына әкелетін фактілерді логикалық талдау детектив жанры аясында оқырман әлемінің көркем бейнесін қалыптастырудың маңызды элементтеріне айналады.*

*Жазушы Жадыра Шамұратованың детективтік жанрда жазылған «Сен бүгін ерекше әдемісің!», «Әдемі қолшатырлар», «Кімнің ісі» әңгімелерін схемалық үлгіге салып талдау арқылы автордың ерекше стилі мен шеберлігін айқындауға талпыныс жасалады. Детективтік әңгімелерді талдауда шетелдік әдебиеттанушылардың да көзқарастары мен тұжырымдары басшылыққа алынады.*

*Кілт сөздер: әңгіме, жанр, детектив, детективтік дискурс, детективтік оқиға, интрига, тергеуші, алиби.*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Детектив жанры – әдебиет пен кинодағы ең танымал және жұмбақ жанрлардың бірі. Детектив оқырманды мүмкіндігінше қызықтыратын шебер құрылған сюжеттер мен әдістердің көмегімен туады. Ол оқырмандарды өзінің жұмбақ тақырыптарымен, бұрылысты сюжеттерімен және күтпеген шешімдерімен ынтықтырады. Өз кезегінде, детективтік дискурс – бұл жұмбақтарды ашуға, қылмыстарды тергеуге, шындықты іздеуге негізделген белгілі бір жанрға тән баяндаудың нақты тәсілі. Бұл мақалада зерттеу нысанына алынған детективтік әңгімелердің авторы Жадыра Шамұратованың шығармашылығында аталған жанрдағы туындыларында детективтік дискурсты қалай қолданылғандығы қарастырылады. Жадыра Шамұратова – қазіргі қазақ әдебиеті жас буынының жарқын өкілі, оның шығармалары өткір сюжеті, болжанбайтын бұрылыстары және ерекше әңгімелеу стилімен де ерекшеленеді. Қаламгер шығармаларындағы жұмбақ құру, детективтік кейіпкерлер мен антагонистерді сипаттау, сюжеттің даму динамикасы сияқты детективтік дискурстың негізгі элементтеріне назар аударылады.

## КІРІСПЕ

Детектив оқырманға шешілетін жұмбақты ұсынады және оқиғалардың дамуын бақылауға мәжбүр ететін шиеленісті тудырады. Эдгар Аллан По детектив жанрының негізін қалаушы болып саналады. Ол қылмыскердің жеке басына қарағанда тергеушінің жеке басына баса назар аударды, осылайша алғашқы белгілі детектив – Дюпен дүниеге келді. «Детектив тәуелсіз жанр ретінде қылмыстан тергеу интригасына назар аударылған кезде дамиды» [1,3]. Детективтік оқиғаның классикалық түрі, жанр ретінде, Артур Конан Дойлдың шығармаларында айқын көрінді. Мұнда логикалық мәселенің күрделілігі және оны шешетін тергеушінің жеке басының өзіндік ерекшелігі маңызды [2, 43]. Бұл Шерлок Холмс пен Геркуле Пуаро сияқты кейіпкерлердің танымалдылығын түсіндіреді. Эрнст Теодор Амадей Гофман өзінің «Мадмуазель де Скудери» (1818) әңгімесінде қылмыс, тергеу де бар, бірақ детективтік кейіпкердің жоқтығы арқылы ерекшеленеді [1,58].

Детектив – оқырмандарды өзінің интригасымен, логикасымен және жұмбақтарымен қуантатын, сонымен қатар оқырмандардың жадында қалатын ұмытылмас кейіпкерлерді жасайтын жанр.

Детективтік жанрдың тарихы Эдгар Аллан Поның «Морг көшесіндегі кісі өлтіру» (1841), «Мари Роджердің құпиясы» (1843) және «Ұрланған хат» (1844) сияқты логикалық әңгімелерінің пайда болуымен қалыптаса бастады деп есептеледі. Бұл әңгімелер детективтік шығармалардың негізгі элементтеріне айналған логикалық жұмбақтарды енгізді. Энн Кэтрин Грин өзінің «Левенворттық іс» (1871) шығармасының сипаттамасына «детектив» терминін алғашқылардың бірі болып енгізді, ал детектив жанрын Эдгар Аллан Поның тудырғаны анық [3]. Бірінші детективтік тергеу Эдгар Аллан Поның «Мәйітханадағы кісі өлтіру» әңгімесі болып саналады, ол, сонымен қатар жабық бөлмедегі мүмкін емес қылмыс туралы алғашқы шығарма болып табылады [3].

Детективтік әдебиеттің дамуындағы келесі кезең 1903 жылы «Странд» журналында мүмкін емес қылмысты ашу арқылы басталды [4]. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең детектив жанрының «алтын ғасыры» болып саналады, бұл кезде детективтер кең ауқымды және танымал құбылысқа айналды. Бүгінгі таңда детектив жанры көптеген елдерде ең көп оқылатын жанрлардың бірі болып қала береді. Ол, сондай-ақ, полициялық детектив, балалар детективі, әйелдер және ирониялық детектив сияқты әртүрлі кіші жанрларға бөлінді, олар өз алдына бағыттарға айналды.

Зерттеушілер мен әдебиеттанушылар детектив жанрының танымалдылығының себебі жұмбақтар мен құпияларды дұрыс және біртұтас шешуге әкелетін логикалық дәйектілікпен байланысты деген қорытындыға келеді. Режиссер С.Эйзенштейн детектив жанрының жетістігі турасында: «Детективтік жанр әрқашан оқырмандарды өзінің қызығушылығын ояту қабілетімен, сюжетке біржола қарауға мәжбүр ететін жұмбақтылығымен еліктіреді. Бұл жанрда баяндау құралдары басқа әдеби жанрларға қарағанда мөлдір және айқын көрінеді» [5, 133] деген пікірін ұсынады. Орыс әдебиеттанушысы А.Вулис болса: «Детектив тек жанр ғана емес, ол бөлек тақырып. Толығырақ айтқанда, жанр мен тақырыптың үйлесімі. Жанрдың оқиғалары нақты құрылымнан тұратын бағдарламаға негізделген, оқырман шығарманы аяқтамаса да, алда болатын сәттерді болжауға мүмкіндік алады» [6]. И.В. Бойчук пен И.П. Тернер «The Presence of Selected Russian Fictional Characters in English Detective Fiction: A Brief Overview» [7] зерттеуінде ағылшын әдебиетіндегі детективті фантастикалық туындыларындағы орыс персонаждарының суреттелуін қарастырады.

«Детектив» жанрының теориялық қырын зерттеген К.Г. Честертонның «Детективті әдебиетті қорғау туралы» (1902) еңбегінде детективтің өз алдына жанр ретінде ерекшеліктері мен артықшылықтары, маңызды аспектілері қарастырылған. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде әдебиетші ғалымдар У.Қ. Қалижан, Г.Ж Орда, А.Қ. Қалиева т.б. қарастырды. Соңғы зерттеулерде Р.С. Тұрысбек пен А.К. Жунусова жазушы Кемел Тоқаевтың детективті жанрда жазылған туындыларын қарастырған мақалалары және Ж. Жақыпов, Т.Ғабдрахман

«Қазақ детектив прозасының тілдік-стильдік ерекшеліктері, тілдік жағынан» атты мақаласы бар.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу жұмысы барысында детектив терминіне берілген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жүргізіледі. Детектив жанрына тән қасиеттер, тылсымдық элементтерінің берілу жолдары мен тәсілдері қарастырылады. Мақалада детектив жанрының айрықша тұстарын ашу мақсатында әдебиеттану ғылымында кеңінен өріс алған салыстыру, талдау, жинақтау әдістері қолданылады.

Осы орайда, салыстырмалы әдісті шетелдік және отандық ғалымдардың теориялық еңбектерін қарастыра отырып, анықтамалар мен тұжырымдар салыстыруда; талдау әдісі Ж.Шамұратова әңгімелерін детективтік жанр тұрғысында талдауда, жинақтау әдісі аталған шығармалардағы тергеуші кейіпкеріне тән белгілерді жинақтауда, герменевтикалық талдау әдісі кейіпкер мен авторлық позицияны ашуда, шығарманың мәтінін терең түсіндіруде қолданылады.

## НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ әдебиетінде детектив жанры – кеш дамыған жанрлардың бірі. Детектив сөзін қазақтың ұлттық болмысы мен дүниетанымына сәйкестендіріп, шытырман оқиғалы шығарма деп аударсақ болады. Детектив жанрының қазақ әдебиетінде дамуына үлес қосқан жазушылар көп емес. Дегенмен К.Тоқаев, Қ.Исабаев, Б.Бодаубай, Ш.Күмісбайұлы, М.Анарбекұлы, О.Асылбаев сынды жазушылар бастаған топ қазақ әдебиетінде детективтік жанрда жазылған біршама шығармаларды дүниеге әкелді. Кемел Тоқаевтың детективті әңгімелері шын өмірде болған оқиғалардан алынған болса, басты кейіпкерлері де өмірде болған қарапайым адамдар. Оның қаламынан туған повесттерінде қылмыскерлер мен күдіктілер көбінесе ер адамдар немесе қарт адамдар. Өздерінің мансабы мен мақтаны үшін алдарында кездескен кедергілерді жоюға бар ынталарын танытып, әр түрлі әрекеттерге барады [8, 2].

«Қазақ әдебиетіне детектив керек пе, қазақтың болмысы мен танымына детективтік жанр үйлесімді ме?» деген сауалдар көптеген әдебиетшілердің мақалаларында көрініс тауып жүр. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығында детективтік әдебиетке: «Детективтік әдебиет дегеніміз (ағылш. Detective – әйгілеу, әшкерелеу) – шытырман оқиғалы қылмысты істерді ашуға құрылған шығарма. Детективтік әдебиет сюжеті жұмбақ қылмыс салаларын логикалық пайымдаулар арқылы ашып көрсетуге арналады. Басты кейіпкер ретінде – із кесуші заң қызметкерлері немесе тыңшы, барлаушылар мен қылмыскер алынып, алуан түрлі оқиғалар арқылы екі жақтың ашық та астыртын қақтығыстарынан соң қылмыс әшкереленеді» деген сынды анықтамасы беріледі [9]. Өзекті мәселенің біріне айналған шытырман оқиғаға толы жанрды қазіргі таңда көптеген жазушы, журналистер өз мақалаларында талдап жүр. Соның ішінде, «Қазақ әдебиеті» газетінде (22 тамыз, 2008) жазушы-журналист Рахметәлі Асылбектің «Қазақ детективі қай деңгейде?» деген мақаласы, сыншы Әмірхан Балқыбектің 2012 жылы «Абай» порталында «Детектив жанры неге кенже қалып отыр?» мақаласы, «Қазақ әдебиеті» газетінде (29.04.2016) Әйгерім Әбдірайым атты автордың «Қазақ детективінің дегбірі қашып тұр ма?» атты мақаласы жарық көрді [10].

Әйгерім Әбдірайым детектив жанры турасында: «Проза жанрының ерекше бір түрі – детектив шынайы өмірді нысана етеді, сол заманның қылмыс әлемін әшкере ету үшін жазылады. Танымдық-тәрбиелік мәні бар, идеялық-эстетикалық әсері орасан күшті өнер әдеби детектив – характерлер қақтығысы, сезімдер шайқасын көрсетіп, аса қатал өмір талаптарын ескере отырып, ерекше көркемдік құрал диалогтар мен монологтар арқылы болмыстың сан алуан шындықтарын ашады, өмір құбылыстарына баға береді, билік айтады» [11] - деп өз пікірін білдіреді. Біздің сөз қозғап, тоқталар тақырыбымыз – қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективтік жанрда қалам тербеп жүрген жазушы Жадыра Шамұратованың әңгімелері.

## ТАЛҚЫЛАУ

Жадыра Шамұратова – жаңашыл жазушы. Оның туындыларында қозғалған мәселелер – қазіргі қоғамның айнадай көрінісі. Жуырда ғана жарық көрген жазушының «Сандық» кітабы жүрекке жылы тиер новеллалар мен шытырман оқиғаға толы детектив әңгімелерден жинақталған. Жинақта жазушының шытырман оқиғаларға толы «Сен бүгін ерекше әдемісің!», «Өткен оқиға», «Әдемі қолшатырлар», «Кімнің ісі», «Жол үстінде», «Болмай қалған той» әңгімелері жазылған. Жадыра Шамұратованың детективтік әңгімелерінде жұмбақ пен қылмыс, логикалық толғаныс пен аналитикалық қабілеті бар тергеуші, шиелініске толы атмосфера мен сюжеттік бұрылыстар бар.

«Сен бүгін ерекше әдемісің» деп аталатын шығармасы анасынан айырылған ерке қыздың асыраушысы әрі қамқоршысы басты кейіпкер Алтайдың айналасында өрбиді. Шығарманың басталуынан-ақ қайғыдан қан жұтқан кішкентай ғана Гүлсімнің анасына деген сағынышын, іштей құса болған көңілін байқаймыз. Балалармен ойнаудың орнына бірінің артынан бірі жүріп, реттілік сақтайтын асфальттың бойындағы құмырсқалардың өміріне күні бойы қарап отыратын Гүлсімді автор нәзік әрі қайғылы жан иесі ретінде суреттеген. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында салынған үйдің тұрғындары бір-бірін жақсы таниды. Жарынан айырылған Алтайды әңгіме бастауында көрші әжелер жақсы адам, қызының көңілін тауып, біресе балмұздақ, біресе гүл алып беріп жүрген қамқор әке етіп көрсетеді. Автордың да оқырманды шытырманға әкеп тірер тұсы – осы.

Шығармадағы басты кейіпкер – Алтай. Автор Алтайдың іс-әрекеттері мен сөзбен жазылған портреті арқылы басты күдікті ретінде оқырманның ойына орала бермейді. Алтайдың бейнесі әңгімеде: «Осы бір ұзын бойлы, қалың қасты, қыр мұрынды, қақсоқпен ісі жоқ жігітке көршілерінің қабағы жылы. Әсіресе келіншегі жүрегі ұстап аяқастынан қайтыс болғанда оның қатты қайғырғанын көріп, оған бұрынғыдан да ілтипатты бола бастағандай» [12,145] - деп суреттеледі. Гүлсім қыздың шығарма барысындағы кейіпкер ретіндегі өзгерісі оқырманның жүрегіне шаншудай қадалады. Анасы мен әкесінің, атасының томпақ еркесі, анасының өлімінен кейін күннен-күнге жүдей берді. Ақыр аяғында аяғын тік басып жүре алмай, ауруханадағы көмек ем болмай, психологиялық күйзелістен кішкентай ғана анасын сағынған қыз дүниеден озады. Бұл оқиға – оқырманның миына кіріп шықпайтындай сюжеттік бұрылыс. Адал жары мен қылықты қызынан айырылған Алтайдың ендігі өмірі бейіттің жанында өтті, тек 8 ай өткеннен кейін ғана ажары келіскен Сәнияны жолықтырып, өміріне жаңа шуақ пайда болғандай еді. Ойы мен тағдырлары ұқсас екі ғашық бірден тіл табысып, қайғыларына ортақтасты. Сәния Алтаймен ілесіп, әкесінің үйіне келген кезде ғана оның жүрегінде күдік пайда болды. Оқырман оқиғаның осы сәтінен күдік алып, жұмбақ атмосфераны сезінеді.

« – Қарағым, сен оған әуес болмай-ақ қой, – деді ақ шашы селдіреген кісі оңашада жас келіншекке.

– Жассың ғой, бағыңды ашатын басқа адам ізде. Бұл – әйелі мен баласы өлген жігіт, қайтесің» [12,147] деген әке сөзі Сәнияны түрлі ойға шомдырса да, Алтайға деген махаббатын сөндіре алмады.

Оқиғаның келесі сюжеттік желісі әңгімені жаңа қырынан, детективтік қырынан аша түседі. Полиция бөлімшесіне келген отыз жас шамасындағы жігіттің бар уайымы, баласының себепсіз қайтыс болуы. Өлімге бірге жұмыс жасайтын адамды кінәлайды. Тергеуші мен кейіпкер арасындағы құпияға толы диалог әңгіменің шырайын танытты. Жігіт қолындағы сөмкесінен дәлел болуға тұрарлық қағазды алып шығады. Ол ұлы, әйелі және өзінің су ішкеннен кейін кенеттен қызулары көтеріліп, іштері өтіп, бастары айналғанын баяндайды. Қызығы сол өзі мен әйелін дәрігерлер аман алып қалғанымен, кішкентай ғана сәби өмірден өтеді. Бұның барлығына бірінші қабаттағы автоматтан құйып әкеліп ішіп жүрген су кінәлі болып шығады. Тергеуші неліктен жұмыстас жігіттен күдіктенесіз деген сұрағына жігіт:

« – Білмеймін... солай көріне береді. Олай дейтінім...біріншіден, сол кезде үйде одан басқа адам болған емес. Жалпы бізге қонақ сирек келеді. Екіншіден...ол жігіттің әйелі де, қызы да аяқ астынан қайтыс болған» [12,150] - деп, жауап береді. Оқырман осы диалогтан кейін сюжеттік желінің тоғысуын, уақыт пен оқиға бірлігінің байланысын түсінеді. Тергеуші жігіттің айтқан жауабынан секем алып, «Ол сіздің отбасыңызға не үшін қастандық жасауы мүмкін?», «Жұмыстасыңыз бұрын қай жерде пәтер жалдап тұрған?», «Мекенжайын білесіз бе?» деген кезекті сұрақтарын қоя бастады. Осы тұста автор тергеушіні детективтік әңгімелерге сай логикасы жүйрік, аналитикалық ойлау қабілеті дамыған өз ісінің маманы екенін танытады. Жігіт басты күдіктінің жаңа жұмысқа, консерві зауытына ауысқысы кеп жүргенін жеткізеді.

Шығармадағы басты кейіпкердің артынан іздеу салынды. Ал тергеуші болса, өзінің бірізді жоспарлы іс-әрекеттерін орындай бастады. Ең бірінші болып, Алтайдың бұрын тұрған мекенжайына келіп, көрші әжелермен сөйлесті. Көрші әжейден күдікті туралы тек жағымды пікірлер естігеннен соң, тергеуші өзінің бір орында қалып қойғанын байқайды. Дегенмен Маша әжей Алтайдың қасында жүрген келіншектің көрінбей кеткенін айтқанда, тергеуші іштей іліктің табылғанына қуанды. Баласының өліміне қайғырып, күйінгенде не айтарын білмеген әкенің жаласы шығар деп істі жапқысы келгенімен, Алтайдың әкесімен сөйлесіп көрейін деп тағы да бір серпінге көшті. Жасы жетпіске келген, төбесі жалтыраған, көзілдірікті кісі үй есігін ашып, тергеушіні көргенде абдырап қалды. Оның қойған сұрақтарына ойлана жауап беріп, Марат деген кісіні де, өлген сәбиді де танымайтындығын жеткізді. Ал тергеушінің «келініңіз бен немереніз қалай қайтыс болды» деген сұрағына қарт үнсіз қалды. «Үнсіз ойланып кеткен қарт селкілдеп кеткен оң қолын сол қолымен басып ұстап біраз отырды. Оның жүзінен әлдебір іске оқталғандай бірдеңені байқаған тергеуші асықтырмады» [12,154]. Шытырман оқиғаларда көрініс беретін үнсіздік пен жұмбақтық атмосферасын автор осы тұста шебер жеткізеді. Ұзақ үнсіздіктен соң қария ағынан жарылды. Ол жұмыс бастылығының кесірінен жалғыз ұлына дұрыс тәрбие бере алмай, балалық шағын көре алмағанына өкінетіндігін жеткізді. Алтай 1977 жылы әскерде болыпты. Бұл хабар тергеушінің ісіне көмегі тиердей жаңалық болды. Әскерден алты айдан кейін қайтып келген күдіктінің істері тергеуші үшін әлі де жұмбақ болды. Азаматтық борышын толық өтемеуінің себебі – басынан зақым алып, контузияға шалдығуы. Қария ақкөңіл келіні мен өмірінің жалғыз шырағы болған немересінің өлімін өткере алмай, insult алғанын айта келе, ұлы таныстырған Сәния деген қызды алшақтатқысы келген әрекетін хабарлады. Тергеуші іске керек болар, шиеліністі шешуге көмектесер деп екі-үш сұрақ қойып, қарттың баласына деген ойын анықтады. Екі бірдей адамның қайтыс болуына қандай жағдай себепші болуы мүмкін деп ойлайсыз деген тергеушінің сұрағына қария немересінің денесін ашқан медициналық қорытындыны ұлына ұсынғандағы күдік туғызар бір жайттың орын алғанын айтты. «Сол кезде ол актінің басқа бетіне қарамастан, тек қана химиялық зерттеу жазылған жерін тауып оқыды да, менің бетіме қарап тұрып: «Уланған ештеңе байқалмаған», - деді. Сосын «уфф!» деді, арқасынан бір жүк түскендей болды ма...әйтеуір ұлымның бұнысы маған біртүрлі оғаш көрінді» [12,155]. Полиция қызметкері күдіктінің шынымен де қылмыскер екеніне көзі жеткендей, бірақ іс ұзаққа созылды. Сарапшылардың қорытындысынан қайтыс болған үш адамның да белгілі бір химиялық қоспамен уланғаны анықталды. Осы дәлелден кейін тергеуші ширақ қимылдады. Сюжеттің келесі оқиғалары тергеуші бөлмесінде жалғасады. Тергеуші өз ісінің маманы болғандықтан, күдіктінің аузынан шындықты шығару үшін әр түрлі амал-тәсілдерді пайдаланды, тіпті өз басы жауапқа тартылатын болса да, ең сорақы әдістерге көшті. Тергеуші мен күдікті арасында диалог детектив жанрының өзіне тән стилистикалық шеңберінде жазылған. Алтайға қойылған логикалық сұрақтар, күдіктінің психологиялық тұрғыда сағы сынған күйі ерекше есте қалады. Химиялық заттардың қоспасын қайдан алғанын мойындамаған Алтайды тергеуші соққыға жықты. Бұл іс заңға қайшы болса да, полиция қызметкерлерінің ең тиімді тәсілі. Алтай химиялық затты өзі ішіп көріп, удың алдын алатын антидот ішу арқылы аман қалғанын айтты. Химиялық қоспаларды ескі жертөледегі елеусіз қалған кеңседен сатып алыпты. Күдіктінің шындықты айтқан сәті оқырманның ойына біртүрлі

қорқыныш сезімін ұялатқандай. Басты кейіпкер бейнебір психологиялық аурумен шалдыққан жандай: «Мен химиялық заттың екі түрін алдым. Оның біреуінің әсері өте күшті, ішкен адам сол бойда өледі, ал екіншісі бірден әсер етпейді, әсері біраз уақыттан соң білінеді» [12,158]. Алтай ең алғашқы тәжірибесін көршінің мияулап жүрген мысығына беріп, нәтижесін көреді. Ал әйелін екі рет улайды. Бірінде, әйелі ұнататын базардан алынған балғын балыққа қосылған улы затты қосып, әйелі аман қалады. Жас кезінде өлердей ғашық болған әйелін өлтіруіне не себеп болды деген сұраққа күдікті: «Оның кейбір қылықтары жынымды келтірді» [12,159] - деп жауап береді. Әйелінің «жұмыс істе», «біздікі князь, біздікіне бәрібір, ештеңе ойламайды» деген сындары, өзгелерді көре алмайтын мінезі Алтайдың ашуына тиіпті. Екінші улау әрекеті, супермаркеттегі арзан, жеңілдікпен тұрған заттарға жүгіретін әйелінің ісіне жыннанғаннан орын алышты-мыс. Басты кейіпкер әйелінің жеңілдікпен алған кофесіне ұнтақты салып, әйелінің жүрек ауруынан өлуіне себепші болыпты. Тергеуші әйелдің өліміне тікелей Алтайдың қатысы бар екеніне көзі жеткеннен кейін, жалғыз періште қыздың өлімін зерттей бастады. Оңай мойындай қоймаған Алтай бір кезде біресе жылап, біресе езу тартып күле бастады. «Менің қызым. Байғұс қызым... деп мырсылдады күдікті» [12,160]. Күдікті жақында ғана туған күні болған қызын түсінде көріп, мөлдіреген көзіне тіке қарай алмай, жауаңдаған жанарына көзі түскенде бөлмеде отыруға тағат таппағанын айтып, қобалжыды. «Жетер!Көлгірсіме!» [12,161] деген тергеушінің соққысынан кейін ғана есін жиды. Алтай уды маскүнем көршісіне дайындапты. Базардан қызыл уылдырық сатып әкеліп, оны мұздатқышқа салып қоюы күдіктінің қытырқы әрекетінің бірі еді. Қызының қызыл уылдырықты жейтінін біле тұра, бір жарым айға ұмытуы істің әдейі жасалғанын білдіреді. Мараттың екі жасар баласының өлімінің себебіне Алтай келесідей жауап қатады. «Күйеуін сыйламайтын әйелдерді жек көрем» [12,162] дей келе, өзі сатып әкелген сыранның барлығын раковинаға ағызып жіберген әйелінен баласы арқылы өш алғанын анық хабарлайды. Бұл ақтарылулардың бәрін тыңдап отырған тергеушінің арқа-басы мұздап, өзін жайсыз сезінді. Соңынан кездескен Сәнияны мүлдем танымайтын адамның кейіпін танытты.

Оқиға желісі кеңістігі мен уақыты жағынан артқа шегініп, Сәния мен Алтайдың махаббатына оралды. Автор оқырмандарды еліктіре түсу үшін, сюжеттік шегіністі керемет орындаған. Алтай Сәнияға романтикалық кеш ұйымдастырып, махаббат бекетіне қол ұстасуға ұсыныс тастады. Ес-түссіз ғашық Сәния келісім берді. Түн ләззатына бөленген қос ғашықтың жүрек дүрсілдері ерекше естілді.

« – Сен бүгін ерекше әдемісің!

– Тек бүгін бе? Ал басқа күні ше?

– Басқа күні де әдемісің ғой, ал бүгін одан да әдемісің!» [12,164].

Арада орын алған ыстық сезім диалогтарынан кейін, Алтай өзінің айлаға толы жоспары бойынша айлығының аздығы кесірінен Сәнияның анасына сыйлық сыйлай алмай жүргенін айтып қынжылды. Қызының ауруына деп алған несиелерді жаба алмай қалғанына күрсініп отырғанда, Сәния өз атынан «жедел несие» алып, бірге төлейміз, бастысы анам қуанатын болды деп көзіне жас алды. Ғашығы дайындаған коктейльді мейірлене отырып қайта-қайта ішкен келіншек ертесі күні төсегінен тұрмады, анасына да бармады.

Шығарма соңында бір бөлмеде күдіктінің істеген іс-әрекетіне себеп таба алмай отырған тергеушінің дыбыссыз жан айқайы сезілді. Шашы ағарған тергеуші бұл істің ешқандай мақсатсыз, себепсіз болғанын түсінді. Жай ғана ауру, өзін тоқтату білмейтін гедонистің қылмысы адам жанын түршіктірді.

«Әдемі қолшатырлар» детективті әңгімесіндегі оқиға желісі шетел әдебиетіндегі детективтік шығармаларға ұқсас. Оқиға желісінің басталуы, басты күдіктінің сипаттамалары, құрбандардың жоғалу мекендері мен себептері Агата Кристидің детективтік шығармаларына сәйкес келетіндей.

Әңгіме асыл матадан тігілген ақ көйлек пен бұлттардың арасынан шыққан ақ боз атты романтик жігіттің ұсынысын армандайтын Айнаның қиялымен басталады. Қиялына ерік берген ару қыздың ойын жігіті Фарухтың жәй ғана «үйленейік» деген сөзі су сепкендей басты. Қыздың жалдайтын пәтерінің жоқ екенін алға тартып, Фарух досының үйіне бірге тұруға

ұсыныс тастады. Айна мен Фарухтың таныстығы мен махаббат хикаяты тез өрбігенімен, Айна жігітті құлай сүйіп қалған-ды. Қақпасы еңселі, өзенге жақын даңғарадай үйден өз орнын тапқан Айна алғашқыда зәулім сарайдай үйге таңырқайды. Фарух екеуінің алаңсыз тәтті кезеңдері енді басталғандай.

Басты кейіпкерлер екі-үш адам болғанымен, автор детективтік әңгімеге тән интрига мен жұмбақтылықты шебер қолданған. Тіпті кейіпкерлердің ісіне сүйсініп, ғашық болып та үлгересің. Фарух момын, көп сөйлемейтін, жұмыс пен үйдің арасында жүріп, азық әкелетін, түнде такси қызметінде жүріп, таң ата келетін тынымсыз жан. Шығарманың шытырманға толы сәттері таңға таман, жаңбыр жауған сәтте орын алады. Бұл жолы да чемодан сүйреген қыз, қолына әртүрлі түсті қолшатырды ұстап, такси іздегендей болады. Ал басты күдікті, яғни такси жүргізушісі қара «Тойота» көлігінің иесі. Такси қызметкері қыздың жұпар иісіне маужырап, бет-әлбетіне ұрлана қарайды. Қыз қойылған сұрақтарға қымсына жауап берді де, таксидегі өзбек әуеніне құлақ салды. Бір мезетте тас төбесінен келген алпауыт күшке төтеп бере алмай, көзін жұмды.

Оқиғадан кейін оқырманның күдігі өрши түсіп, шынында күдікті Фарух болғаны ма деген ойға келеді. Автор осы оқиға арқылы күдіктінің Фарух екенін бірден сездіріп қойғандай. Дегенмен, істің қалай болғаны, қанша рет болғаны күмәнді, әрі детективті әңгімелердің бұрылыстары көп. Айна орналасқан үйін тазалауға бар ынтасымен кірісті, тіпті қоқысқа айналған артық заттарды гаражға шығарды. Гараждың ыбырсып кеткен күйіне қарап, ондағы заттардың да керек еместерін қоқысқа тастады. Айнаның көзіне оттай басылған әртүрлі үлгідегі сәнді қолшатырлар еді. Үй иесі сәнқой болғаны ғой деп топшылап, екінші қорапты ашып, ішегін тартқаны сол-ақ еді ішінен алтын сақина, сырғалар, алқалар шықты. Айна аңтаң күйде. Фарух жұмыстан келген бойы Айнаның тазалығына тамсанып, мақтай түсті. Бірақ Айна табылған алтындарды айтқан бойда Фарух өздігінен ашуланып, сес көрсете бастады. «Сен гаражда не істеп жүрсің? Қалай аштың? Неменеге тіміскіленіп жүрсің. Кім рұқсат берді саған» [12, 186]. Осы сөздерді айтқан кездегі Фарух пен Айна ғашық болған жігіттің келбеттері мүлдем басқа еді, ғашығы Айнаның білегінен қысып ұстап, сілкіледі. Екі ғашықтың арасындағы жылулықтың сәнуіне Фарухтың ашу үстінде Айнаға айқай салып, қасық лақтыруы да әсер етті.

Күдіктінің Айнаны шын сүйгені рас, бірақ орын алған оқиғалардан кейін өз бөлмесінен шығудан қалды. Бүгін күн бұлтты, жаңбыр жауып тұр, далада қолшатыр ұстаған адамдар көрінеді. Фарух үшін бұндай ауа-райы әлдебір тылсым күштің орын алуына ынтықтыра түсетіндей. Оның келесі клиенті сөйлемпаз әйел екен. Қолындағы телефонының қымбат екеніне көзі түскен такси қызметкері, бір қолымен желкесінен ұрып, бір қолымен аузын жапты. Қайратты әйел шығуға талпыныс жасап, жылап жіберді. Фарух болса, «жылайтындарды қорқақ, әлсіз адамдар деп ойлайды» [12, 189]. Әйелді аяусыз ұрды. Басты күдіктінің бұл әрекетке не үшін барғанын түсіну үшін автор психологиялық ауытқудың бар екенін өткенге оралу арқылы керемет түсіндіреді. Фарухтың көз алдына ауру, дәрменсіз әкесі мен оны ұрып-соғып дәмсіз ботқамен тықпалайтын анасы келеді. Әкесі жылаған сайын анасы оның көзінше аяусыз тепкілейтін. Содан кейін Фарух жылауық адамдарды жек көреді. Күдіктінің адам өлтіруіне түрткі болған жағдай – жанының іштей жаралы болғандығы, анасының әкесін қорлауы, сантехникті үйге әкелуі, бірінші әйелінің бұрынғы махаббатымен көңіл қосуы.

Оқиғаның шарықтау шегі тергеушінің «қара мерседес» іздеп, қалада орын алған жайттардан жанының түршігуімен сипатталады. Барлық қайтыс болған қыз-келіншектердің жоғалған орны вокзал болды, ал мінген көліктері «қара мерседес». Айна Фарухтың күмәнді іс-әрекеттерін көріп, күдігі ұлғая түседі. Оқырман да бұндай жаман іске Фарух сияқты кейіпкерді қимайтыны анық. Дегенмен жігіттің көлігіне отырған Айна қоқыс жәшігіне тасталған қара пакетті алып, ішінен шыққан сөмке, құжаттарды көріп, қызғанышы сейілді. Құжатта 50 жасар әйел. Айна үйден кету керек деген шешімге келді. Бұл шешім оқиғаның шешімімен ұштасатындай. Айна сол күйі зәулім үйден шыға алмады. Тергеуші Сағатов көптеген

ізденістерден кейін қаныпезерді және гараждан бірінен-бірі өткен әдемі қолшатырларды тапты.

Детективті әңгімелерді талдауда әдебиетшілер әр түрлі схемалар ұсынады. О.А.Мельничук пен Т.А.Мельничуктың «Стратегии детективного дискурса» мақаласында детективті жанрға тән мәтін мен сюжеттің талдану схемалары көрсетіледі. Олар:

«I типті интригалық стратегия:

1. Лингвистикалық құралдар;
2. «Көзқарастың полископиялық перспективасы» композициялық әдісі;

II типті интригалық стратегия:

1. Архитектура техникасы-мәтінді бөлшектерге бөлу;
2. Лингвистикалық құралдар;
3. «Көзқарас» композициялық әдісі;

III. Интрига соңы стратегиясы:

1. Күдікті кейіпкерлер шеңберін тарылту тактикасы;
2. Күдікті кейіпкерден алыстату тактикасы;
  - 2.1. Жақсы кейіпкер сипаттамасы;
  - 2.2. «Алдау» тактикасы;
3. Лингвистикалық құралдар;
4. Әдепкі тактика;
5. «Мінсіз алиби» тактикасы (принципі)» [13, 5].

Жадыра Шамұратованың «Кімнің ісі» детективті әңгімесін аталған схемаға салып талдасақ. Сюжеттік фабуласы мен мәтіндік ерекшеліктері интрига соңы стратегиясына сәйкес келеді. Әңгімеде орын алған басты қылмыстық оқиғаға тоқталмастан бұрын, алдын ала болатын оқиғаға апарар бұрылыстар баяндалады. Басты кейіпкерлердің бірі – біріншісі ақ адал жарынан ажырасқан, екіншісіку әйелі бар судья. Бірінші типтік интригалық стратегияға сай күдікті туралы көзқарас оның анасының сөзімен басталады. «Білмеймін, өзгеріп жүр. Басқаша. Кітабы да...»[12, 197]. Анасының көзқарасы баласының басқа бір тұңғыыққа батып, өзге жолға түскенінің белгісін айқындатады. Әкесі мен баласының сирек кездесулерден кейінгі кезекті әңгімелесуіндегі өзгерістер –күдіктінің мінез-құлқының бұрынғыдай еместігінің дәлелі. Оқырманды шытырман оқиғаның атомдық бомбасына тастау үшін, әкесі мен баласы арасындағы диалог және іс-қимылдар ерекше суреттелген. Диалогтағы сөздік қор күдіктінің өзінің әкесіне деген ашу-ызасына негізделеді, толықтай агрессиядан тұрады.

« – Сен мұның не екенін білесің бе? Бұл деген...

– Ой, пап, енді сен нотация оқып бастамашы. Онсыз да мама миды жеп қойды.

– Жоқ, сен не оқып жүрсің? Бұның саған түкке де қажеті жоқ! - әкесінің қабағы қызарды.

– Бұл менің қалауым, ештеңе деуші болмаңдар! - деп ашуланып қалды ұлы»[12, 198].

Автор оқырманның көңіл-күйіне әсер ету мақсатында экспрессивті тұрғыда пунктуацияны шамадан тыс көп қолданады. Бұл көбінесі сұрақ белгісі, леп белгісі және көп нүкте. «Жоқ, ермек үшін емес! Пап, менің мақсатым жоқ деп кім айтты? Менің мақсатым бар! Мен тэтан боламын» [12, 200].

Оқырманның басты назарына сектаға кірген ұлын қандай шарамен болса да шығарғысы келетін судьяның дәрменсіздігі ілігеді. Болашақ қылмыстардың орын алуына септігін тигізетін төрт патрондық Лебедев тапаншасын ұлына сыйлық ретінде бергені оқырманның жүрегіне діріл тудырады. Әдемі әрі қылықты әйелімен арадағы махаббат оты салқындай бастағанын екеуі де сезгендей. Судья өзінің өмірінің соншалықты аянышты екеніне көзі жетті. Алыстағы ағайынын, ата-анасын есіне алды. Дәл қазір әділдіктің артынан еріп жүргенімен, жалғыз баласының өзге сектаға кіріп кеткені, қазіргі әйелінен баланың болмауы жүрегінің түбінде қадалған оқтай әсер етті. Сылқым әйелдің күйеуінің іс-әрекеттеріне деген ашуы мен ызасы күдіктілердің қатарына қосылуына себеп болар еді. Оқырман судьяны атып өлтіргендердің қатарына сылқым әйелді немесе жалғыз қалған жарын қоса алады. Дегенмен автор күдіктіні кейіпкерден алыстату техникасына сүйеніп, судьяның жалғыз баласын сүттен ақ, судан таза кейіпте бейнелейді. Әңгіменің соңында қаланың солтүстік бөлігіндегі таунхаустардың бірінен



судьяның өлі денесі табылғаны оқырман үшін таңырқайтын жайт. Өлім жасалған құрал – Лебедев тапаншасы. Автор судья баласына сыйлаған сыйлық арқылы күдіктінің кім екенін айқындайды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Детектив оқырманды мүмкіндігінше қызықтыратын шебер құрылған сюжеттер мен әдістердің көмегімен туып, оқырманға шешілетін жұмбақты ұсынып және оқиғалардың дамуын бақылауға мәжбүр ететін шиеленісті тудырса, зерттеу нысанына алынған жазушы Жадыра Шамұратованың детективтік жанрдағы әңгімелерінде осы жанрдағы қаламгерлік ізденістерін анық байқауға болады. «Сандық» шығармалар жинағындағы детективтік әңгімелер оқырманның қызығушылығын оятып, логикалық ойлауына оң әсерін тигізеді. Ж.Шамұратованың «Кімнің ісі?» әңгімесі интригаға толы оқиғаны баяндап қана қоймай, отбасылық құндылықтар турасынан сөз қозғап, қазіргі таңдағы өзекті мәселені көтереді. Қаламгердің «Сен бүгін ерекше әдемісің» әңгімесі қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективтік әңгімелерге жаңа леп сыйлады. «Әдемі қолшатырлар» әңгімесі шетелдік детективтік шығармаларына тән сюжет пен фабулаға құрылған. Автордың детективтік әңгімелері оқырманның тағатын тауыстырып, кінәлінің кім екенін, не себептен осыншама қатыгез іс-әрекет жасағанын шығарманың соңына дейін білдірмейді, ол – жазушының асқан шеберлігі. Шытырман оқиғаның шешімін басты кейіпкер тергеуші міндетті түрде табады, бұл – детективтік оқиға заңдылығы.

Детектив жанрындағы туындылардан әлемдік және қазақ әдебиетінде өзінің бірегей ерекшеліктері мен ортақ белгілерін көрсететінін байқауға болады. Бұл шығармалардағы қылмыстар мен жазалардың проблемалары айқын сипатқа ие, мотивке тәуелді. Детективтік мәтіндерде қызықты сюжетке, шытырман оқиғаларды сипаттауға және қылмыстарды тергеуге көркемдік көзқарасқа да баса назар аударылады. Бұл аспектілер детектив жанрындағы маңызды талаптар болып табылады, оның ерекшеліктерін әртүрлі деңгейлерде көрсетеді.

Бұл мақалада детективтің әдебиеттегі қосалқы жанр еместігіне көз жеткізіледі. Қазақ әдебиетіндегі детективтік жанр шығармаларын зерттеу және егжей-тегжейлі талдау өзекті мәселе, қазіргі ғылыми саланың алдында тұрған маңызды міндеттер мен бағыттардың бірі. Бұл саладағы жаңа ғылыми зерттеулер жалғаса берері айқын.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сидоренко Л.В. История зарубежной литературы XVIII века: учебник/Л.В. Сидоренко Е. М. Апенко, А. В. Белобратов. – М.: Высшая школа, 2001. – 335 с.
- 2 Сейерс Д. Предисловие к детективной антологии / Д. Сейерс // Как сделать детектив. – М.: НПО «Радуга», 1990. – 317 с.
- 3 История жанра «Запертые комнаты» и другие невозможные преступления / Детективы на грани возможного. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://www.impossiblecrimes.ru/index.php?> (Қаралған уақыты: 22.04.2023).
- 4 «The Strand Magazine». – [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: [http://www.acdoyle.ru/originals/magazines/strand/my\\_strands.htm#1930](http://www.acdoyle.ru/originals/magazines/strand/my_strands.htm#1930). (Қаралған уақыты: 20.04.2023).
- 5 Эйзенштейн С.О детективе. /С. Эйзенштейн // Приключенческий фильм: Пути и поиски: сборник научных трудов / отв. ред. А. С. Трошин. – Москва : ВНИИК, 1980. – С. 132–160.
- 6 Вулис А. Поэтика детектива / А. Вулис // Новый мир. – № 1. – 1978. – С. 244–258.
- 7 Boichuk I.V., Turner I.P. The Presence of Selected Russian Fictional Characters in English Detective Fiction: A Brief Overview, Slavonica, 27:2, 2022. – 134-150 p. DOI: 10.1080/13617427.2022.2144155.

8 Жунусова А.К., Тұрысбек Р.С. Әдебиеттегі детектив жанры және Кемел Тоқаев шығармашылығы. / Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (140). 2022 жыл. ISSN: 2616-678X, eISSN: 2663-1288.

9 «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығы, Алматы, «Аруна Ltd.», 2010. – 573 б.

10 Берікұлы Б. Детектив жанры қазақ әдебиетіне керек пе? / Әдебиет порталы. [Электронды ресурс]. Қол жеткізу режимі: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/detektiv-zanry-qazaq-adebietine-kerek-pe\\_\\_20234](https://adebiportal.kz/kz/news/view/detektiv-zanry-qazaq-adebietine-kerek-pe__20234). 13.07.2018. (Қаралған уақыты: 17.04.2023).

11 Абдраим А. Қазақ детективінің дегбірі қашып тұр ма?! «Қазақ әдебиеті» газеті. [Электронды ресурс]. Қол жеткізу режимі: <https://qazaqadebieti.kz/5030/aza-detektivini-degbiri-ashyp-t-r-ma>. 29.04.2016. (Қаралған уақыты: 18.04.2023).

12 Шамұратова Ж. Сандық: новеллалар, детективтік әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2023. – 320б.

13 Мельничук О.А., Мельничук Т.А. Стратегии детективного дискурса (на примере романов А. Кристи). Вопросы психолингвистики. – Москва, 2012. № 15. С. 156–167.

Материал 06.06.2024 баспаға түсті

### Детективный жанр и детективный дискурс в рассказах Ж. Шамуратовой

Р.Б. Султанғалиева<sup>1</sup>, Н.Ж. Сағмалиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, 090000, Республика Казахстан

*В данной статье изучены характерные жанровые особенности детективных произведений и их место в зарубежной литературе, проведен анализ рассказов Жадыры Шамуратовой, которая в современной казахской литературе увлекается детективным жанром. Детектив-один из самых интересных и популярных жанров в литературе, покоривший сердца читателей во всем мире. Этот жанр – искусство создания фантазий и загадок, интриг и рассуждений. В начале детективных произведений, как правило, происходит расследование загадочных событий, преступлений. «Кто это сделал, зачем?», и читатель вместе с главными героями погружается в мир ложных аргументов и необъяснимых мотивов. Главный герой изображается не волеизъявителем чувств, а как личность с особенно развитой интуицией, логикой, аналитическим мышлением. В статье подчеркивается, что детективный дискурс – это форма личностно-ориентированного общения, направленная на художественное взаимодействие между автором и читателем. Цели этого взаимодействия варьируются от психологического до развития эстетических и интеллектуальных способностей читателя. Обращение к основным категориям нравственности, таким как добро и зло, а также логический анализ фактов, приводящий к интересному раскрытию тайны преступления, становятся важнейшими элементами формирования художественного образа читательского мира в рамках детективного жанра.*

*Жадыра Шамуратова написала в детективном жанре «ты сегодня необыкновенно красива!», «Красивые зонтики», «Чье дело» анализируя рассказы схематично мы замечаем уникальный стиль и мастерство автора. В целях полного анализа рассказов руководствовались взглядами и выводами и зарубежных литературоведов.*

*Ключевые слова: рассказ, жанр, детектив, детективный дискурс, детективная событие, интрига, следователь, алиби.*

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Сидоренко Л.В. История зарубежной литературы XVIII века: учебник. /Л.В. Сидоренко, Е.М. Апенко, А.В. Белобратов. – М.: Высшая школа, 2001. – 335 с.

2 Сейерс Д. Предисловие к детективной антологии. / Д.Сейерс // Как сделать детектив. – М.: НПО «Радуга», 1990. – 317 с.

- 3 История жанры «Запертые комнаты» и другие невзгодные преступления / Детективы на грани возможного [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.impossiblecrimes.ru/index.php?Introduction>. – Дата обращения: 22.04.2023.
- 4 Журнал «The Strand Magazine». – Режим доступа: [http://www.acdoyle.ru/originals/magazines/strand/my\\_strands.htm#1930](http://www.acdoyle.ru/originals/magazines/strand/my_strands.htm#1930). – Дата обращения: 20.04.2023.
- 5 Эйзенштейн С. О детективе /С.Эйзенштейн // Приключенческий фильм: Пути и поиски: сборник научных трудов / отв. изд. А. С. Трошин. – Москва: ВНИИК, 1980. – с. 132-160.
- 6 Вулис А. Поэтика детектива / А. Вулис // Новый мир. – №1. – 1978. – с. 244-258.
- 7 Boichuk I.V., Turner I.P. The Presence of Selected Russian Fictional Characters in English Detective Fiction: A Brief Overview, Slavonica, 27:2, 2022. – 134-150 p. DOI: 10.1080/13617427.2022.2144155.
- 8 Жунусова А.К., ТурысбекР.С. Детективный жанр в литературе и творчество Кемеля Токаева. Вестник им.Л.Н. Гумилева. Филологическая серия. №3 (140). 2022 г. ISSN: 2616-678X, eISSN: 2663-1288.
- 9 Энциклопедический справочник «Казахская литература». – Алматы: «Аруна Ltd», 2010. с 573.
- 10 Берикүлы Б. Нужен ли жанр детектива в казахской литературе? [Электронный ресурс]. Режим доступа: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/detektiv-zanry-qazaq-adebietine-kerekpe\\_\\_20234](https://adebiportal.kz/kz/news/view/detektiv-zanry-qazaq-adebietine-kerekpe__20234). 13.07.2018.
- 11 Абдраим А. В норме ли репутация казахского детектива? Газета «Казахская литература». [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://qazaqadebieti.kz/5030/aza-detektivini-degbiri-ashyp-t-r-ma>. 29.04.2016.
- 12 Шамуратова Ж. Сундук: новеллы, детективы. / Жадыра Шамуратова. – Астана: Фолиант, 2023. – 320 с.
- 13 Мельничук О.А., Мельничук Т.А. Стратегии детективного дискурса (на примере романов А. Кристи). Вопросы психолингвистики. – Москва, 2012. № 15. С. 156–167.

Материал поступил в редакцию журнала 06.06.2024

### **Detective genre and detective discourse in the stories of Zh. Shamuratova**

R. Sultangaliyeva<sup>1</sup>, N. Sagmalieva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, 090000, Kazakhstan

*This article explores the distinctive genre features of detective literature and its significance in foreign literature, focusing on the works of Zhadira Shamuratova, a prominent figure in modern Kazakh detective fiction. The detective genre captivates readers globally through its artful construction of fantasies, riddles, intrigues, and reasoning. Typically, detective narratives begin with the investigation of mysterious events and crimes, prompting questions like "Who did this, and why?" Readers join the protagonists in navigating a landscape of false arguments and unexplained motives.*

*Shamuratova's protagonists are characterized not by emotional expression but by heightened intuition, logic, and analytical thinking. The article emphasizes that detective discourse facilitates personality-oriented communication, fostering artistic interaction between author and reader, which enhances psychological engagement and develops aesthetic and intellectual capacities. Key moral categories, such as good and evil, along with logical fact analysis, are central to revealing the crime's mystery and shaping the reader's artistic experience within the genre.*

*Key words: story, genre, detective, detective discourse, detective event, intrigue, investigator, alibi.*

## REFERENCES

- 1 Sidorenko L.V. History of foreign literature of the XVIII century: textbook/ L.V. Sidorenko, E. M. Apenko, A.V. Belobratov. – M. : Higher School, 2001. – 335 p.
- 2 Sayers D. Preface to the detective anthology / D. Sayers // How to make a detective. – M.: NPO Raduga, 1990. – 317 p.
- 3 The history of the genre «Locked rooms» and other impossible crimes / Detectives on the verge of the possible [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.impossiblecrimes.ru/index.php?Introduction>. – Access date: 22. 04. 2023.
- 4 The «Strand Magazine». – Access mode: [http://www.acdoyle.ru/originals/magazines/strand/my\\_strands.htm#1930](http://www.acdoyle.ru/originals/magazines/strand/my_strands.htm#1930). – Access date: 20.04.2023.
- 5 Eisenstein S. About the detective /S. Eisenstein // Adventure film: Paths and searches: a collection of scientific papers / ed. by A. S. Troshin. – Moscow : VNIIC, 1980. – pp. 132-160.
- 6 Vulis A. Poetics of the detective / A. Vulis // Novy Mir. – No. 1. – 1978. – pp. 244-258.
- 7 Boichuk I.V., Turner I.P. The Presence of Selected Russian Fictional Characters in English Detective Fiction: A Brief Overview, Slavonica, 27:2, 2022. – 134-150 p. DOI: 10.1080/13617427.2022.2144155.
- 8 Zhunusova A.K., TurysbekR.S. The genre of detective in literature and the work of Kemel Tokayev / Bulletin of the L. N. Gumilev. Philological Series. №3 (140). ISSN: 2616-678X, eISSN: 2663-1288.
- 9 Encyclopedic reference book «Kazakh literature». – Almaty: «Aruna Ltd», 2010.– 573 p.
- 10 Berikuly B. Is the detective genre necessary in Kazakh literature? Access mode: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/detektiv-zanry-qazaq-adebietine-kerek-pe\\_\\_20234](https://adebiportal.kz/kz/news/view/detektiv-zanry-qazaq-adebietine-kerek-pe__20234). 13.07.2018.
- 11 Abdraim, A. Is the Kazakh detective on the run?«Kazakh literature» newspaper.Access mode: <https://qazaqadebieti.kz/5030/aza-detektivini-degbiri-ashyp-t-r-ma>. 29.04.2016.
- 12 Shamuratova Zh. Box: novellas, detective stories / Zhadyra Shamuratova.– Astana: Foliant, 2023. – 320p.
- 13 Melnichuk O.A., Melnichuk T.A. Strategies of detective discourse (on the example of A. Christie's novels). Questions of psycholinguistics.– M.:2012. № 15. P. 156-167.

Received: 06.06.2024